

«М.ТЫНЫШПАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ КӨЛІК ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛАР
АКАДЕМИЯСЫ АҚТАУ КӨЛІК КОЛЛЕДЖІ» ЖШС

БЕКІТЕМІН
«М.Тынышпаев атындағы ҚазККА
Ақтау көлік колледжі» ЖШС
директоры

« 01 » 07 2023 ж.



«М.ТЫНЫШПАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗККА АҚТАУ КӨЛІК КОЛЛЕДЖІ» ЖШС
СТУДЕНТТЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТУІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ

Ақтау 2023ж.

1. Жалпы ережелер

Колледжде оқушылардың кәсіптік тәжірибеден өтуін ұйымдастыру-білім беру ұйымдарындағы кәсіптік білім беру бағдарламасын жүзеге асырудың, кәсіптік тәжірибеден өтуін ұйымдастырудың (әрі қарай тәжірибе) үрдісін қалыптастыру мақсатында әзірленген.

Ереже «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының Еңбек туралы кодексін, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі. Кәсіптік тәжірибе. Негізгі ережелер» (ГОСО 5.03005-2009) Мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

2. Тәжірибенің мазмұны

Тәжірибеден өту колледж қабырғасында оқушылардың алған теориялық білімін кеңейту, тереңдету, бектіге, тәжірибелік дағдылары мен кәсіптік құзіретін игеруге, сондай-ақ алдыңғы қатарлы жетістіктерді меңгеруге бағытталған оқу үрдісінің бір бөлігі болып табылады.

Оқушылардың Тәжірибесі бекітілген оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылады және төмендегідей түрге бөлінеді:

- оқыту-танысу;
- оқу;
- өндірістік;
- өндірістік-технологиялық;
- дипломалды.

Тәжірибенің көлемі мен мазмұны білім беру ұйымдарындағы мамандықтарға бейімделіп дайындалған оқытудың жұмыстық бағдарламасына (ОЖБ, 1-жалғама) Тәжірибе күнделігіне (ТК 2-жалғама) сәйкес анықталады.

Тәжірибені жоспарлау және ұйымдастыруда:

-мамандарды негізгі кәсіптік талаптарды орындауға дайындаудың бірегейлігі мен мақсаттылығы;

-тәжірибе мен теориялық оқытудың өзара байланысы және оның барлық түрлерінің сабақтастығы;

-оқушылардың бойында қалыптасқан тәжірибелік шеберлік пен дағдының бірте-бірте жетілдірілуі мен оның бір түрден екінші түрге ауысқанда күрделенуі;

-Тәжірибені өткізудің қауіпсіздігі жағдайы;

-Тәжірибе жоспарын ОЖБ және ЖТ-ға сәйкес, сондай-ақ арнайы құзіретті органдар бекіткен осы саланың қызметкерлерінің атқаратын қызметтік міндеттеріне сәйкес мамандарды дайындауға және олардың мамандығына қойылатын талаптардың орындалуы;

-оқушыларды қазіргі заманғы техника және технологиямен, экономика, ұйымдастыру, өндірісті жоспарлау және басқару, транспорт, ж.б. салаларындағы жаңа үлгілермен таныстыру;

-оқушыларды өнертапқыштық, жаңалық табу және ғылыми-зерттеу ісімен айналысуға баулу қамтамасыз етуі тиіс.

2.5. Тәжірибенің бағдарламасында көрінуге тиіс:

-Тәжірибенің мақсаты, міндеті, мазмұны, барлық өтетін мерзімі, тәжірибе жетекшілерінің міндеттерін бақылау мен есепке алу, тәжірибенің деңгейі мен барлық түрлеріне қарай тапсырма беру;

-Тәжірибе өтер алдында нақтылануға тиісті теориялық білім мен түсініктер, экскурсиялардың мерзімі мен үлгілік мазмұны.

2.6. Оқу тәжірибесінің мақсаты – кәсіптік қызметтің қырларымен алдын ала танысу; таңдап алынған мамандыққа сәйкес білік пен дағдыны қалыптастыру; оған

қызығушылық туғызу; теориялық білімдерін саналы түрде меңгеруге бейімдеу. Ол кәсіптік оқытудың, оқу үрдісін жалғастыру формасында іске асуы және мамандыққа байланысты оқу және оқу-өндірістің шеберханаларда, кәсіпорындарды, мекемелер мен ұйымдарды жүргізіледі.

2.7. Өндірістік-технологиялық тәжірибенің мақсаты-оқушыларды өндірістік қызметпен тікелей кәсіпорында, мекемелерде таныстыру; оқушылардың таңдаған кәсіпті меңгеруі мен дағдысына ие болуы; білімді жетілдіру, тереңдету мен жүйелеу, бекіту, өндірісті ұйымдастыру қабілетін игеруді бойына сіңіру. Ол таңдаған мамандығына сәйкес кәсіпорындарда, мекемелерде және ұйымдарда, сондай-ақ оқу-өндірістік шеберханаларда, нақты өндіріс жағдайында өндірістік үрдістермен, жабдықтармен, аспаптармен және құралдармен басқаруды және жұмыс жасауды меңгеруге байланысты ұйымдастырылады.

2.8. Дипломалды тәжірибе-оқытудың ақырғы кезеңі болып табылады және оқушылардың теориялық курсты толықтай аяқтап, оқу бағдарламасында қарастырылған барлық емтихан, сынақ, курстық жұмыстарды тапсырғаннан кейін өткізіледі.

3. Тәжірибені ұйымдастыру

3.1. Оқушылардың Тәжірибесі белгіленген білім беру мекемелерін бітіретін, осы саланың болашақ мамандарының кәсіптік деңгейінің жоғары болуына және дамуына ынталы кәсіпорындар мен Колледж арасында жасалған шартқа сәйкес ұйымдастырылады.

3.2. Тәжірибеге жіберер алдында оқушылармен Техника қауіпсіздігі, Өрт қауіпсіздігі және Еңбекті қорғау саласында кіріспе нұсқау өткізіледі, сол сала мен сол кәсіпорынның қызметімен таныстырылады.

3.3. Кәсіпорын мен оның құрылымдық бөлімшесі арасында білім беру мекемесімен оқушылардың Тәжірибесін өткізу туралы шарт жасалады және сол кәсіпорын мен оның құрылымдық бөлімшесінің қызметкерлері арасынан оқушылардың Тәжірибеден өтуіне жауапты маман тағайындалады.

3.4. Кәсіпорын мен оның құрылымдық бөлімшесі Тәжірибеден өтуі үшін кәсіпорынға келген оқушылармен Техника қауіпсіздігі, Өрт қауіпсіздігі, Еңбекті қорғау және өндірістік санитария саласында кіріспе нұсқау өткізіледі, сол сала мен сол кәсіпорынның қызметімен, ішкі еңбек тәртібі ережелерімен және құрылымдық басқару жүйесімен таныстырылады.

3.5. Тәжірибені өткізуге жауапты бөлімше төмендегідей міндеттерді орындайды:

-Тәжірибенің ұйымдастырылуы мен өту үрдісін методикалық қолдау;

-білім беру мекемесінің Тәжірибенің өтуіне қатысты ақпараттарын қарау және талдау;

-Тәжірибенің өткізілу мерзімі мен бағдарламасын, Тәжірибені өткізуге жіберілген оқушылардың тізімін білім беру мекемесімен келісу;

-Кәсіпорын мен оның құрылымдық бөлімшесіне Тәжірибеден өтудің мерзімі мен бағдарламасын келісу үшін алдын ала жазбаша хабарлау, оқушыларды Кәсіпорын мен құрылымдық бөлімшесіне мамандығы мен бейіміне сәйкес бөлу;

-Тәжірибенің өтуіне қатысты мониторинг жасау, кемшіліктер мен ескертпелерді жою және ұсыныстарды ескерту шараларын қабылдау;

-Жұмыс берушілердің анкетасы, Кәсіпорын мен оның құрылымдық бөлімшесінен жұмыс орнынан берілген мінездеме негізінде Тәжірибе қорытындысы бойынша оқушылардың кәсіптік қызметтерді орындауға дайындық деңгейінің бағасын талдау;

-Тәжірибенің ұйымдастырылу үрдісін жетілдіру.

4. Тәжірибе жөнінде есеп

4.1. Кәсіпорын:

- білім беру мекемесіне беру үшін қажетті құжаттарды (күнделік, хабарлама, пікір, т.б.) рәсімдейді;
- Тәжірибе жөнінде есеп дайындау барысында Кәсіпорын мен оның құрылымдық бөлімшесінің басқару сұлбасы туралы, ішкі басқару құжаттарын, нұсқауларды ж.б. танысуға және зерттеп оқуға береді;
- Жекелеген оқушылардың Тәжірибеден өтуі немесе қанағаттанғысыз қорытындылары жөнінн білім беру мекемесіне хабарлайды.

4.2. Колледж:

- «М.Тынышпаев атындағы ҚазККА Ақтау көлік колледжі»ЖШС-нің өндірістік, технологиялық, дипломалды тәжірибесі есебінің мазмұнына және рәсімдеугеқойылатын негізгі талаптарға сәйкес оқушылардың Тәжірибе есебін қабылдайды;
- Тәжірибе жетекшісі кәсіпорынның берген мінездемесі мен пікірін ескере және оқушымен әңгімеле отырып, меңгерген біліктілігі мен дағдысының мамандықтың бағдарына сәйкестігін бағалайды;
- бағалау қорытындысының Ведомосты, оқу жылы мен семестрдің қорытындысын шығару үшін, оқу бөліміне тапсырылады.

5. Қорытынды

5.1. Әлеуметтік серіктестік туралы Бас келісімде және кәсіпорын мен білім беру мекемесінің арасында жасалған шартқа сәйкес, Тәжірибеден өткен оқушылардың Кәсіпорын мен оның құрылымдық бөлімшесіне ваканттық қызметтерге қабылдану мүмкіндігі қарастырылады;

5.2. Білім беру мекемесінің қызығушылық білдірген Кәсіпорын мен оның құрылымдық бөлімшесі өкілінің қатысуымен Тәжірибе барысы бойынша қорытынды конференция өткізуі қарастырылады;

5.3. «Өз мамандығының үздігі» атағына сайыс, Еңбек ардагерлерімен, оқытушылармен және өндіріс өкілдерімен кездесу өткізу қарастырылады.